

**«Орман өсірушілік» пәні бойынша  
 Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
 тест спецификациясы  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «08210100 - Орман шарушылығы (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша 3W08210101 - Орман ағашын жығушы, 3W08210102 - Орманшы, 4S08210103 - Орман шебері, 4S08210104 - Техник-орман патологі біліктеріне арналған «Орманшылық» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Ормантану	01	Орман табиғаты туралы түсінік
		02	Орман компоненттері
		03	Орман және экологиялық факторлар
		04	Орман және экологиялық факторлар Ағаш морфологиясы
		05	Орманның өсуі, дамуы және жаңаруы
		06	Топырақ-климат факторлары және орман
		07	Орман тіршілігіндегі биотикалық факторлар. Орман өрттері
		08	Орман типологиясы. Орманның пайда болу факторлары
		09	Ағаш түрлерінің өзгеруі – орманның динамикасы
02	Орманшылық	10	Орманшылықтың жалпы ережелері
		11	Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің жіктелуі. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің артықшылықтары мен кемшіліктері
		12	Күтім мақсатындағы кесу Күтім мақсатындағы арнайы кесулер
		13	Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесуді ұйымдастыру. Күтім мақсатындағы кесу әдістері
		14	Орманның өнімділігін арттыру
<b>Мәнмәтіндік тапсырмалар</b> (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

**4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:**

**Ормантану:** Қазақстан Республикасының орман қоры. Орман – географиялық құбылыс. Орман компоненттері, олардың орман өсірушілік және шаруашылық маңызы. Түсініктер: «Биоценоз»,

«Биогеоценоз», «Экожүйе». Орман әртүрлі деңгейдегі табиғи жүйе тәрізді. Орман және климат. Орман және жылу. Орман және жарық. Орман және ылғал. Орман және атмосфера. Орман және жел. Орман және топырақ. Орман және тірі топырақ жамылғысы. Орман және жануарлар әлемі (фауна). Орманның табиғи жаңаруы. Орманның вегетативті жаңаруы, оның тәсілдері. Орманның өмірі мен дамуындағы жас кезеңдері. Орманда ағаштардың классификациясы. Тұқым алмасуының себептері. Тұқым алмасуының үрдістерін реттеу. Орман типтері мен орман өсіру жағдайының типтері туралы түсінік.

**Орманшылық:** Ормандарды қорғау топтары мен санаттарына бөлу. Орманды пайдаланудың түрлері. Кесудің түрлері. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің топтасуы. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің ұйымдастырушылық-техникалық элементтері. Жаппай кесу. Біртіндеп кесу. Іріктеп кесулер. Қазақстан Республикасы орманындағы басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ережелері. Қазақстан Республикасы орманындағы басты мақсатта пайдалану үшін кеспеағаш жұмыстарын жүргізуге қойылатын экологиялық-орман өсірушілік талаптар. Қазақстан Республикасы орманындағы ағаш кесілген жерлеріне ағашты қалпына келтіру бойынша шаралар жүргізу. Орманды күтіп баптау кесулерінің міндеттері. Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесудің түрлері, мақсаты, уақыты, жасы, оны өткізудің кезектілігі. Кесуге ағаштарды таңдау. Күтіп баптаудың тәсілдері. Күтіп баптаудың әдістері. Таудағы күтіп баптау мақсатында ағаш кесу. Санитарлық күтіп баптау мақсатында ағаш кесу. Орманның көгалдандырылған аймақтары мен орманбақтарындағы күтіп баптау мақсатында ағаш кесу. Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесу технологиясының топтасуы. Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесудің технологиясының элементтері. Технологиялық сұлбалар. Орман дақылдарын өндіруіне күтіп баптау мақсатында ағаш кесудің технологиясының талаптары. Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесудің технологиясына қойылатын экологиялық-орман өсірушілік талаптар. Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесудің жұмыстарын ұйымдастыру. Орманды күтіп баптау мақсатында ағаш кесудегі орамдық тәсілдің экономикалық тиімділігі. Орманның өнімділігінің анықтамасы және түсінігі. Орманға қойылатын талаптар. Орман типологиясы – орманның өнімділігінің арттырудың негізі. Орманның өнімділігін арттыру бойынша шаралар жүйесі. Орман рекреациясы. Рекреациялық ормандардың тұрақтылығы мен өнімділігін арттыру.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.



Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сарсекова Д.Н. Орманшылық негіздері». Павлодар: КерекүКерекү, 2009, -146 б.
2. Атрохин В.Г., Кузнецов Г.В. Лесоводство. Москва: ВО Агропромиздат, 1989, - 395с.
3. «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Астана, 2014.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

(қолы)


(Т.А.Ж)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023ж.







 2/4

